



Актау облыстық «Нектар» арнайы
балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 оқу жылы

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар «Гүлдер» мектепалды тобының сөйлеуді дамыту
(«Бал тілді балдырған» бағдарламасы) арнайы түзету іс-әрекетінің 2025-2026 оқу жылына арналған
перспективалық жоспары
Логопед: Г.Қ.Әбжапбарова

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін зерттеу жұмысы. Сөйлеу мүшелерінің құрылысы мен қозғалысын дамыту. Жеке дыбыстарды айту және ажырату. Буындық құрылымды тексеру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздерді дұрыс, анық айту машықтарын дамыту. Сөздік қорларын дамыту. Зат есім + етістік, сын есім+зат есім тіркестерін айтып жаттығу. Зат есімдерді көпше түрде айтуға жаттықтыру. Фонематикалық қабылдауын дамыту. Сөздер тобын жалпылап айту. Антоним сөздер сөздік қорын дамыту. Сурет бойынша салыстыра сипаттауға жаттықтыру. Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге толықтырып айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгімелеуге үйрету. Диалогтік байланыстырып сөйлеуін дамыту. Танымдық процестерін дамыту.
Қазан 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың артикуляциялық және тыныс алу моторикасын дамыту. Саусақ қол қимылдарын жетілдіру арқылы сөйлеу моторикасын белсендендіру.

Жалпақ
7

	Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Фонематикалық қабылдау мен есту қабілетін жетілдіру. Сөздік қорын байытып, жаңа сөздерді сөйлеуде қолдануға үйрету. Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Заттардың пішіні, түсі, көлемі бойынша сипаттап айту білігін қалыптастыру. Қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сурет бойынша әңгімелеу және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Балалардың зейінін, есте сақтауын және сөйлеуге деген қызығушылығын арттыру.
Қараша 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын кеңейтіп, жаңа сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Фонематикалық есту мен қабылдауды жетілдіру, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Сурет бойынша әңгімелеу арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Қимыл мен сөйлеуді үйлестіре отырып, сөйлеу белсенділігін арттыру. Заттар мен құбылыстарды ажырата білуге, олардың қасиеттерін сипаттап айтуға дағдыландыру. Қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыруға үйрету. Зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін жетілдіру. Қоршаған орта мен табиғатқа сүйіспеншілік, тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Баланың өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.
Желтоқсан 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру, сөздік қорын жаңа тақырыптық ұғымдармен толықтыру. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Фонематикалық есту мен дыбысты дұрыс айту машықтарын жетілдіру. Сурет бойынша әңгімелеу және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыруға үйрету. Қоршаған ортадағы көлік түрлерін, мамандықтарды ажырата білуге дағдыландыру. Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін

2

	ояту. Достыққа, ынтымаққа және ұжымда бірлесе әрекет етуге тәрбиелеу. Зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін жетілдіру.
Қаңтар 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтап, сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Фонематикалық естуін, дыбысты ажырату және дұрыс айту машықтарын қалыптастыру. Сөздерді буынға бөлу, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын жетілдіру. Табиғат құбылыстарын сипаттап айтуға үйрету. Табиғатты бақылауға, оны қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлеуге қызығушылық пен өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
Ақпан 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусақ қол моторикасын дамыту. Дұрыс, анық сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын дамыту. Фонематикалық қабылдауын және байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру. Жинақтап айту және зат бөлшектерінің атауын үйрету. Сөздерді буынға бөлу, сөз басындағы дыбысты анықтауға жаттықтыру. Есте сақтау, қабылдау және ойлау процестерін дамыту. Кеңістікті бағдарлауға үйрету, сөйлеу барысында үстеу сөздерді түсінуін дамыту. Сөйлемдер құрап айтуға жаттықтыру.
Наурыз 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусақ қол моторикасын дамыту. Дұрыс, анық сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын дамыту. Сөздер тобын жалпы сөзбен айту. Көптік жалғауларын жалғап айтуға жаттықтыру. Талдау-жинақтау, дұрыс, анық сөйлеу дағдыларын дамыту. Сөздердің антонимін тауып, сөйлеу тілінде қолдануға үйрету. Сөздердегі буын ұйқасын сезінуін қалыптастыру. Сөйлемдер құрап айтуға жаттықтыру. Сөйлеу тілін кимыл-қозғалыспен үйлестіруге үйрету. Танымдық процестерін дамыту.

3
Асқар

	Ертегіні тындап сұрақтар мен тірек суреттер көмегімен айтып беруге жаттықтыру. Ертегі кейіпкерлерінің рөлін ойнап жаттығу. Ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахналауға үйрету.
Сәуір 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын байыту және жаңа сөздерді сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын жетілдіру. Фонематикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөздерді буынға бөліп оқу және сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Сурет бойынша әңгімелеу және сипаттау арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Заттарды, құбылыстарды, қасиеттерін салыстыра сипаттап айтуға үйрету. Зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаны бақылап, өзгешеліктерді байқауға баулу. Балалардың өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру. Қамқорлық, мейірімділік және әсемдікке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
Мамыр 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын байытып, жаңа сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын жетілдіру. Фонематикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді буынға бөліп оқу және сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Сурет немесе көрнекі материал арқылы әңгімелеу және сипаттау арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Заттар мен құбылыстардың қасиеттерін ажырата білуге үйрету. Балалардың өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен тәртіп сезімін қалыптастыру. Қызығушылық, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жыл бойы меңгерген дағдыларын қолдануға, бағалауға және қорытындылай білуге үйрету. Өз ортасына, айналасындағы адамдар мен табиғатқа деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

4




А.О.Сенцова

2025-2026 оқу жылы

Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы

Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының оқу-әдістемелік кеңесінің №2 хаттамасы шешімінің негізінде баспаға ұсынылды.

«Бал тілді балдырған»
мектепалды тобындағы балаларға арналған бағдарлама

Авторы: **Әбжапбарова Г.Қ.**

«Бал тілді балдырған» мектепалды тобындағы балаларға арналған бағдарламасы: **Әбжапбарова Гауһар Қанатбекқызы** - "Ақтөбе облыстық "Нектар" арнайы балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің логопеді.

«Бал тілді балдырған» бағдарламасы тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар мектепалды жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған. Бағдарламада артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары, логоритмика, ұсақ моториканы жетілдіру және ойын техникалары қолданылады. Негізгі мақсаты- балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, сөздік қорын байыту және мектепке даярлау. Бағдарламва инклюзивті білім беру талаптарына сай жасалып, логопед мамандардың тәжірибелік жұмысында қолдануға ұсынылады.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім берудің басты мақсаты – әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның әлеуетін барынша ашу, қоғамға бейімдеу және сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар балаларға арналған арнайы және инклюзивті топтар саны артып келеді. Бұл – мемлекетіміздің инклюзивті білім беру саясатының жүзеге асуының айқын дәлелі.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі ерекше өзекті. Өйткені мұндай балалардың басым көпшілігінде сөйлеу аппаратының моторикасы да бұзылғандықтан, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық дамуында тежелуі байқалады. Сонымен қатар, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорының жеткіліксіздігі, дыбыстарды дұрыс айтпау сияқты мәселелер кездеседі.

Осыған байланысты логопед маманның міндеті тек сөйлеу тіліндегі ақауларды түзету ғана емес, сонымен бірге:

- балалардың психоэмоциялық дамуын қолдау,
- моторика мен сөйлеуді үйлестіру,
- қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіру,
- мектепке даярлау.

Ұсынылып отырған бұл авторлық бағдарлама арнайы педагогика және логопедия ғылымының озық жетістіктерін ескере отырып жасалды. Бағдарлама сөйлеуді дамыту барысында артикуляциялық гимнастика, тыныс алу жаттығулары, логоритмика, ұсақ моториканы жетілдіру тәсілдері, ойын технологиялары кеңінен қолданылатындығымен ерекшеленеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар мектепалды тобы балаларында сөйлеу тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және әлеуметтік-қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дыбыстық мәдени сөйлеуді қалыптастыру.
2. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, артикуляциялық аппаратты дамыту.
3. Балалардың сөздік қорын байыту, сөз мағынасын түсінуге үйрету.
4. Грамматикалық құрылымды меңгерту.
5. Байланыстырып сөйлеуді дамыту (әңгіме құрастыру, сурет бойынша сипаттау, мазмұндама айту).
6. Ұсақ моториканы жетілдіру арқылы сөйлеу дағдыларын нығайту.
7. Баланы мектепке оқуға дайындау (әріп пен буынға талдау жасауға, мәтін мазмұнын түсінуге бейімдеу).
8. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау.

Өзектілігі:

Зерттеулер көрсеткендей, сөйлеу тілінде ауытқуы бар балалардың басым бөлігінде жалпы даму деңгейі де тежеледі. Мұндай балалардың танымдық қабілеті, ойлау жүйесі, зейіні мен есте сақтауы сөйлеу тілімен тікелей

байланысты. Сондықтан сөйлеуді дамыту жұмысы тек логопедиялық түзету сабағы ғана емес, сонымен қатар жалпы жеке тұлғаны дамытудың маңызды тетігі болып табылады.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар балалардың сөйлеуін дамытуда кешенді ықпал қажет: сөйлеу аппаратының моторикасын жетілдіру, қол қимылдарын дамыту, логоритмикалық жаттығуларды қолдану. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылып отырған бағдарлама логопед мамандардың жұмысына көмекші құрал бола алады.

Жаңашылдығы:

Бағдарлама дәстүрлі логопедиялық әдістерді инклюзивті білім беру жағдайына бейімдей отырып, заманауи педагогикалық технологияларды (ойын, ақпараттық-коммуникациялық, арт-терапиялық тәсілдер) қолдануға негізделген. Сонымен қатар, сөйлеу жаттығулары мен моторикаға арналған тапсырмалар өзара ықпалдастырылған.

Күтілетін нәтиже:

Бағдарламаны іске асыру барысында балалардың:

- Дыбыстарды дұрыс айту дағдылары қалыптасады;
- Белсенді сөздік қоры 2000–2500 сөзге жетеді;
- Сөйлемді дұрыс құрастырып, байланыстырып сөйлей алады;
- Әңгімелеу, сурет бойынша сипаттау, ертегі мазмұнын айтуға машықтанады;
- Сөйлеу қарқыны мен дауыс ырғағын реттей алады;
- Мектепке баруға психологиялық және тілдік тұрғыдан дайын болады.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	«Балабақша – менің екінші үйім»	Балабақша жайлы түсініктерін қалыптастыру. Топ бөлмесі, ойын алаңы, асхана, музыка және спорт залдары туралы сөздік қорын кеңейту. Балабақша қызметкерлерінің еңбегі мен мамандықтарының маңызына тоқталу. Баланың өз балабақшасына деген сүйіспеншілігін ояту. Сөздік қорын белсендіру, фонематикалық естуін жетілдіру. Артикуляциялық жаттығулар мен тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Ұжымда өзін еркін сезінуге тәрбиелеу.	1
2	«Отбасым – алтын қазынам»	Отбасы мүшелері туралы білімдерін бекіту. «Әке», «ана», «әже», «ата», «аға», «әпке» сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. Отбасы мүшелерінің мамандықтары туралы айтуға дағдыландыру. Туыстық атауларды дұрыс қолдану. Сурет бойынша сөйлем құрастыру, қысқа әңгіме құрастыру дағдысын дамыту. Фонематикалық түсінікті қалыптастыру. Отбасына сүйіспеншілік, сыйластық сезімін тәрбиелеу.	1
3	«Ойыншықтар елінде»	Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу. Ойыншықтарды көлеміне, түріне қарай ажырату, сипаттау сөздерін қолдануға үйрету (үлкен-кіші, әдемі-сүйкімді). «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгіме құрастыру. Сөздік қорын байыту. Тілдік жаттығулар арқылы дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру. Логопедиялық ойындар арқылы байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Қиялдау қабілетін дамыту	1
4	«Күзгі табиғат сыйы»	Балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейту, табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету. Сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту, фонематикалық естуін жетілдіру. Артикуляциялық аппаратын, тыныс алуын, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын, ойлауын, зейінін жетілдіру. Табиғатқа сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1

5	«Дастарқандағы тәтті жемістер»	Жемістердің атауларын (алма, алмұрт, өрік, жүзім) меңгерту. Жемістердің пішінін, түсін, дәмін сипаттап айтуға үйрету. «Бұл не?», «Қандай?» деген сұрақтарға толық жауап құрастыруға дағдыландыру. Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорын белсендіру. Тілдік, тыныс алу жаттығуларын орындау. Ұсақ моторика мен артикуляцияны дамыту. Денсаулыққа пайдалы жемістер жайлы түсінік қалыптастыру.	1
6	«Көкөністер базарында»	Көкөністердің түрлерімен таныстыру (қияр, сәбіз, картоп, қызылша). «Дөңгелек, сопақ, ұзын, қызыл, жасыл» сияқты сын есімдерді қолдануға үйрету. Сурет арқылы көкөністерді сипаттау. «Көкөніс базарында» рөлдік ойынын ұйымдастыру. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөздерді дұрыс буындап айтуға жаттықтыру. Денсаулыққа пайдалы тағамды қадірлеуге тәрбиелеу.	1
7	«Ормандағы саңырауқұлақтар мен жидектер»	Жидектер мен саңырауқұлақ атауларын меңгерту. Қауіпті – пайдалыны ажыратуға үйрету. Әңгімелеу, сипаттап айту дағдыларын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
8	«Дастарқан сәні – нан»	Нанның дастарқанға келу жолы туралы әңгімелеу. Диханшылардың еңбегін бағалау. «Бидай», «ұн», «диқан», «наубайшы» сөздерін меңгерту. «Нан қалай жасалады?» сұрағына рет-ретімен жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорын белсендіру. Логопедиялық жаттығулар арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Балаларды нанды қастерлеуге, ысырап етпеуге тәрбиелеу.	1
9	«Ағаштар әлемінде серуен»	Балаларды ағаш түрлерімен таныстыру (қайың, терек, шырша, қарағай). «Жапырақ, бұтақ, діңгек» сөздерін сөздік қорына енгізу. Жапырақтардың түсуі, күзгі орман көрінісі жайлы сурет бойынша әңгіме құрастыру. Дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1

10	«Үй құстары қонақта»	Үй құстары (тауық, әтеш, қаз, үйрек) туралы түсінік қалыптастыру. Олардың пайдасы, күтімі туралы әңгімелеу. Құстардың дауыстарын салыстырып, еліктеу. «Бұл қандай құс?» ойыны арқылы сөздік қорын белсендіру. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляцияға арналған жаттығулар орындау. Жануарларды қорғауға баулу.	1
11	«Денемді шынықтырамын»	Балаларды адам дене мүшелерімен таныстыру (қол, аяқ, бас, көз, құлақ, мұрын, ауыз). «Менің қолым жұмыс істейді», «Менің көзім көреді» тақырыбына әңгімелеуге үйрету. Дене мүшелерін атау арқылы сөздік қорын байыту. Сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Денесін күтуге, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.	1
12	«Жиһаздар патшалығы»	Балаларды тұрмыстық жиһаздармен (орындық, үстел, кереует, диван, шкаф) таныстыру. «Бұл не?» деген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру. Өз үйін таза ұстауға тәрбиелеу. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
13	«Көліктер қалашығы»	Көлік түрлерін ажырату (жер, су, әуе). Жол ережелерімен таныстыру (жаяу жүргінші, бағдаршам, жол белгілері). Сөздік қорды кеңейту (көлік атаулары, жүргізуші, жолаушы). Жауапкершілік пен тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
14	«Әр мамандық – қымбат»	Түрлі мамандықтармен таныстыру (дәрігер, ұстаз, құрылысшы, жүргізуші). Әр мамандықтың пайдасын түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту. Еңбекке құрмет, үлкенге ізет сезімдерін тәрбиелеу.	1
15	«Тәуелсіз елім – тірегім»	Балалардың отансүйгіштік сезімін ояту. «Ту, елтаңба, әнұран» ұғымдарымен таныстыру. «Менің Қазақстаным» тақырыбында сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. Туған жеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. Сөздік қорын патриоттық тақырыптағы жаңа сөздермен толықтыру. Өзін қазақ елінің азаматы ретінде сезінуін дамыту.	1

16	«Жаңа жыл мерекесі»	Қысқы мерекелермен таныстыру. Аяз ата, Ақшақар бейнесін сипаттау. Қысқы ойындар мен дәстүрлер туралы әңгімелеу. Мерекелік ән, тақпақ айтуға дағдыландыру. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды шаттыққа, достыққа, мерекені бірге тойлауға тәрбиелеу.	1
17	«Қысқы көріністер»	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелеу. Қар, аяз, боран, мұз туралы сөздік қорды кеңейту. Табиғат құбылыстарын сипаттауға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғат құбылыстарын бақылауға, қысқы еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	1
18	«Үй жануарларына қамқорлық»	Үй жануарлары мен төлдерін атау, олардың пайдасын түсіндіру. Жануарлардың қимылын, дауысын бейнелеп айту. Әңгімелеу дағдыларын жетілдіру. Жануарларға мейірім, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1
19	«Қысқы құстар қонақта»	Қысқы құстарды тану (торғай, сауысқан, қарға). Құстың қимылын сипаттау, дауысын ажырату. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
20	«Жабайы аңдар орманында»	Жабайы аңдар атауларын меңгерту (қасқыр, аю, түлкі, қоян). Аңдардың қимылын, дауысын бейнелеу. Әңгімелеу, сұраққа толық жауап беру дағдысын дамыту. Фонематикалық естуін дамыту. Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1
21	«Асханадағы ыдыстар»	Ыдыс атауларын меңгерту (тәрелке, қасық, шанышқы, кесе, шәйнек). Ыдыстардың қызметін сипаттау. Сөз тіркесін, сөйлем құрастыруға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1
22	«Дәмді тағамдар дүкені»	Азық-түлік атауларын меңгерту (ет, сүт, май, ірімшік, балық, бал). Сауалды сөйлемдер арқылы сөздік қорды дамыту. Диалог құрастыруға дағдыландыру. Тамақ өнімдерінің адам денсаулығына пайдасын түсіндіру.	1

23	«Ғажайып техника»	Тұрмыстық техникалармен таныстыру (тоңазытқыш, үтік, теледидар, компьютер). Олардың қызметін түсіндіру. «Не үшін керек?» сұрағына жауап беру. Сөздік қорды байыту, сөйлем құрастыруға үйрету.	1
24	«Аяқ киім дүкені»	Аяқ киім түрлерін меңгерту (етік, туфли, кроссовка, сандали). Жыл мезгіліне қарай аяқ киімді ажырату. Сөздік қорды байыту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Ұқыптылық пен сәнділікке тәрбиелеу.	1
25	«Анам – асыл адам»	Ана туралы өлең, тақпақтар жаттату. Баланың анасына деген сүйіспеншілігін сөзбен жеткізе білуін дамыту. Сөздік қорды толықтыру (мейірімді, қамқор, әдемі, ақылды). Отбасындағы ана рөлін түсіндіру. Мейірім, қамқорлық, алғыс сезімдерін тәрбиелеу.	1
26	«Ертегілер еліне саяхат»	Қазақ халық ертегілерінен кейіпкерлермен таныстыру. Жақсы мен жаманды салыстыруға үйрету. Кейіпкерлерге мінездеме беру. Сөйлеу тілін байыту, қиялын дамыту. Ертегіден үзінді тыңдап, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Халық ауыз әдебиетін сүйіп тыңдауға тәрбиелеу.	1
27	«Киімдер сәні»	Киім түрлерін атау (көйлек, шалбар, жейде, пальто). Жыл мезгіліне қарай киімдерді ажырату. Киімді сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын толықтыру. Сурет бойынша сөйлем құрастыру. Ұқыптылыққа, таза киінуге тәрбиелеу.	1
28	«Наурыз – халық мерекесі»	Наурыз мерекесі туралы әңгімелеу. Салт-дәстүрлермен таныстыру (бата, ән, ұлттық тағамдар). Наурыз көже туралы түсінік беру. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.	1
29	«Алғашқы тамшы»	Көктемгі табиғат құбылыстарымен таныстыру (жаңбыр, күннің жылуы, қардың еруі). Табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын кеңейту (жаңбыр, тамшы, күн, көктем). Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1

30	«Ғарышқа саяхат»	Ғарыш және ғарышкерлер туралы әңгімелеу. Жұлдыз, күн, ай, зымыран сөздерін меңгерту. Әңгімелеу дағдыларын дамыту. Ғарышкерлердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1
31	«Жыл құстары келді»	Көктемде ұшып келетін құстармен таныстыру (қарлығаш, бұлбұл, көгершін). Құстардың пайдасы туралы әңгімелеу. Сөздік қорды толықтыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1
32	«Теңіздер мен мұхиттар әлемі»	Су жануарлары мен өсімдіктерімен таныстыру (балық, дельфин, теңіз жұлдызы). Сөздік қорды кеңейту. Әңгімелеу, сипаттау дағдыларын дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1
33	«Гүлдер әлемі»	Өртүрлі гүлдермен таныстыру. Гүлдің әсемдігін сөзбен жеткізу. Сөздік қорды байыту (гүл, жапырақ, сабақ, әдемі, хош иіс). Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Табиғат әсемдігін сезінуге, сұлулықты аялауға тәрбиелеу.	1
34	«Батырларға тағзым»	Отан қорғаушылар мен батырлар туралы әңгімелеу. «Ерлік», «батырлық», «Отанды қорғау» ұғымдарын түсіндіру. Сөздік қорды толықтыру (батыр, жауынгер, қорғаушы). Отансүйгіштікке, құрмет пен алғыс сезіміне тәрбиелеу.	1
35	«Жәндіктер әлемі»	Жәндіктердің атауларын меңгерту (ара, көбелек, құмырсқа, қоңыз, т.б.). Олардың қимылын, пайдасын әңгімелеу. Сөздік қорды байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Табиғатты қорғау сезімін тәрбиелеу.	1
36	«Жайдарлы жаз келді»	Жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу. Сөздік қорды кеңейту (күн, су, көл, орман, жаз). Жазғы демалысқа дайындық, қуаныш сезімін ояту.	1

Қорытынды

Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар мектепалды жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту – кешенді, жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылатын арнайы логопедиялық жұмысты қажет етеді. Мұндай балалардың тілдік белсенділігі мен коммуникативтік қабілеттері көбіне сөйлеу аппаратының, қозғалыс үйлесімділігінің және жалпы танымдық процестерінің жеткіліксіз дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан сөйлеуді түзету мен дамыту барысында түрлі бағыттағы әдістер мен тәсілдерді кешенді қолдану — басты шарт.

Логопедиялық түзету жұмыстарында логоритмикалық жаттығуларды, дидактикалық ойындарды, артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын өзара байланыста қолдану балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруда, сөздік қорын байытуда, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда тиімді нәтиже береді.

Логоритмикалық жаттығулар балалардың қозғалыс және сөйлеу ырғақтылығын қалыптастырып, сөйлеу аппаратының жұмысын үйлестіруге көмектеседі.

Дидактикалық ойындар балалардың қызығушылығын арттырып, танымдық және тілдік белсенділігін дамытты, сөйлеуді іс-әрекет арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Артикуляциялық жаттығулар сөйлеу мүшелерінің қозғалыс нақтылығын, бұлшықеттерінің икемділігін арттырады.

Тыныс алу жаттығулары сөйлеу демін дұрыс ұйымдастыруға, дыбыстау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы бағыттардың бір-бірімен ұштасуы сөйлеудің барлық компоненттерін — фонетикасын, грамматикасын, лексикасын және байланыстырып сөйлеу дағдыларын — кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Балаларда сөйлеудің қалыптасуы біртіндеп жүреді және логопедтің дұрыс бағытталған, жүйелі жұмысы нәтижесінде сөйлеу тілі айтарлықтай жетіледі. Жаттығулардың мазмұнын кезең-кезеңімен күрделендіру, тапсырмаларды түрлендіріп орындау, баланың жеке ерекшелігін ескеру – табысты түзету жұмысының басты кепілі болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзімен түйіндесек: «Білім мен тәрбие – ұлттың болашағын айқындайтын ең маңызды сала. Әрбір бала сапалы білім алып, өз орнын табуы тиіс.»

Осы бағытта логопед мамандардың еңбегі – ерекше қолдауға мұқтаж балалардың дамуына жол ашатын маңызды баспалдақ болып табылады.

Қорыта келе, тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар мектепалды жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытудағы логопедтің рөлі ерекше. Арнайы ұйымдастырылған түзету жұмыстары мен әдістемелік тәсілдер жүйесі баланың сөйлеуін түзетіп қана қоймай, оның танымдық белсенділігін, өзіне сенімділігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өмірбекова Қ. Қ., Логопедия, Алматы 2006, 192-218 б.
2. Логопедия. Л. С. Волкованың ред. М., Просвещение 2009, 345-383 б.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2016.
4. Выготский Л. С. Мектепке дейінгі бала психологиясы. – Алматы: Рауан, 1991.
5. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Смысл, 2004.
6. Леонтьев А. А. Основы психолингвистики. – Москва: Смысл, 1997.
7. Лубовский В. И. Общая и специальная психология. – Москва: Просвещение, 1989.
8. Лубовский В. И. Психология детей с нарушениями развития. – Москва: Академия, 2003.
9. Левина Р. Е., Филичева Т. Б., Чиркина Г. В. Логопедия: Преодоление нарушений речи у детей. – Москва: Просвещение, 2000.
10. Козлова З. И., Маханцев Н. П. Практическая логопедия. – Москва: Владос, 2002.
11. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
- Меңжанова А. М. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1991.
12. Құспанова Н. Ж., «Логопедиялық коррекция: теория мен тәжірибе», Алматы, 2015.
13. Нұрғалиева Л. С., «Балалар сөйлеу тілі мен тіл дамыту әдістері», Астана, 2018.
14. Зинкевич-Евстигнеева Т. Д., «Педагогическая логопедия», Москва, 2002.
15. Айтбергенова Ұ., «Артикуляциялық жаттығулар жүйесі», Алматы, 2017.
16. Қазақстан Республикасы Президентінің «Білім және ғылым» саласы бойынша Жолдауы, 2023 – ресми сайттан алынған.